

«Тілім менің тірегім» атты

5 -Қыркүйек «Тіл мерекесіне» арналған концерттік бағдарлама сценарийі.

1. Фанфар. Фондық музыка.

Жүргізуші: Қайырлы күн! Армысыздар, Ана тілін ардақтаған ағайын! Қастерлі сөздің қадірін білген қазағым! Бүгінгі бабадан мирас, анадан аманат болған ең қымбат қазынамыз – Ана тіліміздің мерекесі баршамызға құтты болсын! Ендеше сахна төріне еліміздің ұлтшыл болашағы, еліміздің ертеңі, Отанын сүйетін, Туған жерін қадірлейтін, Ана тілін ардақтайтын балабақшамыздың кішкентай жарық жұлдыздарын қарсы алыңыздар!

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалсын! Гимн.

Жүргізуші: Еліміздің ертеңі – бүгінгі бүлдіршіндеріміз. Батыр бабалардың жалғасы, Тәуелсіздіктің қорғаушысы, Мақтанышымыз – бүлдіршіндеріміздің мерекеге арналған жүрекжарды арнауларын қабыл алыңыздар!

Тақпақтар.

1-блок «Әмбебап балдырған» 6 бала.

Жүргізуші: Қазақ тілі – біздің жүрегіміздің үні,

Ән – көңіліміздің сыры.

Олай болса, туған тілімізге арнаған тәтті әуендерін тарту ететін әнші бүлдіршіндерімізді сахнаға шақырамыз!

Ән: «Жас дәуірдің түлегіміз» Орындайтын: Санжар, Аянат.

5. Жүргізуші : Көрініс. Сахнаға кейіпкерлер шығады. Ана тілі, Мақтаншақ бала досымен. Мақтаншақ-Ұлдана, Досы-Қасым.

Мақтаншақ бала досымен сахнаға шығады. Мақтаншақ қыз Ұлдана :

-Досым, білесің бе? Мен шет елге көп рет бардым. Мен шетелді өте жақсы





көремін. Табиғаты тамаша, неше түрлі сауықтыру кешендері бар.

Қасым: - Ұлдана, біздің елдің де табиғаты тамаша өз байлығы жетеді ғой!

Ұлдана: - Жооқ сонда да мен шет елде жүріп, қыдырып, шет елше сөйлегенді ұнатамын!

Қасым: - Сонда сен шет елде жүргенде өзінді кіммін деп айтасың?

Ұлдана ойланып қалады. Сол кезде музыка ойнап сахнаға «Ана тілі» кейіпкері шығады.

Ана тілі: - Сәлеметсіңдер ме балалар, мен мына жерден қызу пікірталасты естіп қалдым ғой. Не болып жатыр?

Екі бала бірге: - Ал сіз кімсіз?

Ана тілі: - Мен – сендердің қазыналарың,
Ата-бабаңнан қалған аманатпын.

Ән болып әуездеп, жыр болып төгілген,
Мен – қазақтың Ана тілімін.

Қасым: - Ана тілі! Ұлдана шет елде жүргенді, шет тілде сөйлегенді ұнатамын дейді. Шет елге барғанда өзін кім деп таныстырады?

Ана тілі: - Дұрыс айтасың, «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол » деген бар. Әрине өзге тілді білу керек, шет елге саяхат

керек, әлемді аралап тану керек, бірақ өз елінді, өз тілінді, дінін білмесең қадірлемесең сен ешкім емессің. Өзіңнің кім екенінді көрсету үшін ең алдымен Тілінді құрметте! Қазақ тілі - Ана тілі – сендердің алғашқы «әже», «ана», «әке» деп былдырлаған тілдерің емес пе! Ана тілі - Ананың әлдиімен келген тәтті үн! Сондықтан қазақ болып ұлтшылдығымызды жоғалтпай тілімізді құрметтеу біздің міндетіміз балалар!

Ұлдана: - Ана тілі! Мені кешіріңіз, мен бәрін түсіндім! Өз тілің, өз елің, табиғатың, туған жеріңе еш нәрсе жетпейді екен ғой! Мен енді саяхатта жүргенде өз тілімді дәріптеп, басқа елге Қазақ елін таныстырып мақтан ететін боламын!

Қасым мен Ана Тілі: - Жарайсың!- деп көңілдері көтеріліп қалады.

6. **Жүргізуші:** Тілімізді сүйген бала – елін сүйген бала.

Кішкентай жүректерімен үлкен махаббат сыйлайтын,
Ана тілімізге арнаған жыр шумақтарын қабыл алыңыздар!

Тақпақтар.2-блок.

7. **Жүргізуші:** «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, тіл – ұлттың жаны, рухы, жүрегі.

Қазақ тілі – біздің мақтанышымыз, болашағымыздың кепілі. Мерекеге арналған тілектерін бимен өрнектеген кішкентай жұлдыздарымыздың қазақ биін қарсы алыңыздар!

Қазақ биі.

8. **Тақпақтар. 3-блок.**

9. **Жүргізуші :**

Ана тілі – атаның үні, ананың әлдіі, баланың тілімен бірге өрілген шежіре.

«Тіл – халықтың жаны, мәңгілік қазынасы»

«Ана тілі – жүректің терең сырлары мен халықтың басынан кешкен ғасырлары» – Ғ. Мүсірепов «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» – Ахмет Байтұрсынұлы

ХОР. «Ана тілін - сүйеміз» барлық қатысушы балалардан құралған.

10. **Жүргізуші :**

– Құрметтілерім! «Ана тілі – мәңгілік қазына, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар аманат.»

Тіл – халықтың жаны, тірегі, тағдыры.

Тілімізді ардақтап, ұрпаққа аманат ету – бәріміздің қасиетті борышымыз.

Осы асыл мұрамызды қадірлеп, жүрегімізде мәңгі сақтайық!

Мереке (барлығы бірге қол бұлғап) Құтты болсын! - деп қоштасады.



«Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК

5 -Қыркүйек Қазақстан халқы тілдері күні
Ертеңгілік
Тақырыбы: «Тілім менің тірегім»
Мектепалды топтар

2025-2026 оқу жылы